

Қазақстан Республикасы кеден аумағына шетелдік тауарларды ұқсату үшін әкелуге кедендік бақылаудың тәртібі

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1996 жылғы 3 маусым N 118-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 шілдеде N 181 тіркелді. Күшін жойды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000.03.18. N 93 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді
б е р і п о т ы р м ы з .

Во исполнение положений Указа Президента Республики Казахстан, имеющего силу Закона Z952368_ "О таможенном деле в Республике Казахстан" от 20 июля 1995 г. N 2368 приказываю:

1. Утвердить "Порядок таможенного контроля за ввозом иностранных товаров для переработки на таможенной территории Республики Казахстан" (Приложение 1), "Порядок таможенного контроля за вывозом казахстанских товаров на переработку вне таможенной территории Республики Казахстан" (Приложение 2), "Порядок таможенного контроля иностранных товаров, используемых для переработки под таможенным контролем на таможенной территории Республики Казахстан" (Приложение 3).

2. Управлению организации таможенного контроля (Качкаеву Е.) организовать работу по выдаче разрешений на переработку в соответствии с таможенными режимами переработки.

3. Начальникам таможенных управлений по областям и таможен обеспечить неукоснительное исполнение данного приказа.

4. Управлению финансирования и материально-технического обеспечения таможенных органов (Мухамедов Р.) в месячный срок обеспечить:

- Таможенный комитет бланками Разрешений на переработку по форме, указанной в приложении 1. Бланки должны быть выполнены на специальной бумаге с защитой от подделки.

Разрешить таможенным органам для выдачи разрешений на ремонт использовать самостоятельно изготовленные бланки по форме, указанной в приложении 1. Такие документы считать документами строгой отчетности.

5. Пресс-службе Таможенного комитета (Муратбаева А.) со дня подписания настоящего приказа приступить к его освещению в средствах массовой

и н ф о р м а ц и и .

6. Контроль за исполнением данного приказа возложить на первого Заместителя Председателя Таможенного комитета Мельдаханова А.

П р е с е д а т е л ь 1 к о с ы м ш а

О с ы Е р е ж е н ің м а қ с а т ы н д а :

а) "Қазақстан Республикасы кеден аумағына ұқсатуға шетелдік тауарларды әкелу" термині ұқсату өнімдерін экспорттау кезінде қайтарылатын әкелу кеден баждары мен салықтары төленіп, экономикалық саясат шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасы кеден аумағына ұқсату үшін шетелдік тауарлардың әкеліне алатын кеден режимін білдіреді;

б) "ұқсату өнімдері" термині Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген шетелдік тауарларды ұқсату нәтижесінде алынған тауарларды білдіреді ;

в) "тауарларды ұқсату" термині:

- құрастыру, жиыстыру және басқа тауарларға қиюластыруды қосқанда тауар
ә з і р л е у ;

- тауарларды ұқсату мен өңдеу;

- калпына келтіруді қосқанда тауарларды жөндеу;

- өндірісте пайдаланылатын немесе осындай тауарлардың өзі ұқсату барысында толық немесе ішінара тұтынылатын болса да, ұқсату өнімдерін өндіруді жеңілдететін кейбір тауарларды қолдану бойынша операцияларды
б і л д і р е д і ;

г) "бақылаушы кеден органы" термині Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті берген рұқсаттың түпнұсқасы сақталатын және ұқсату режимінің орындалуына бақылауды жүзеге асыратын кеден органын білдіреді.

Қалған терминдер Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" N 2368 Жарлығының 18 бабына сәйкес
қ о л д а н ы л а д ы .

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Қазақстан Республикасы кеден заңдарына және осы тәртіпке сәйкес шетелдік тауарларды (бұдан әрі - тауарлар) ұқсату үшін әкелу мен ұқсату өнімдерін әкету Қазақстан Республикасы кеден Комитетінің (бұдан әрі - ҚР КК) рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

Жөндеу үшін тауарларды әкелуге рұқсатты Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қорытындысынсыз осы ережеде көзделген тәртіппен

жергілікті кеден органдары береді.

1.2. Тауарларды ұқсатуға әкелуді жүзеге асыратын адам немесе оның өкілі Қазақстан Республикасы Экономика министрлігіне уақтысында:

- белгіленген нысандағы жазбаша өтінішті (N 1 қосымша);
- белгіленген тәртіппен ҚР-сындағы тіркеу туралы куәлікті;
- тауарлардың тек қана ұқсату мақсатында әкелінетіндігін біржақты растайтын ұқсатуға шартты (келісім шартты);
- келісім шарт жасасқан адам тауарларды ұқсату операцияларын жүзеге асырмайтын болса, ұқсатушы кәсіпорынмен келісім шартты;
- ұқсату өнімдерінің бағасы мен ұқсату тауарларының құнын ескере отырып, өнімдерді өндірудің жылдық көлемі; ұқсатуға жоспарланған өнім көлемі, қайтару шарттары көрсетілген ұқсату режимінің техникалық-экономикалық негіздемесін;

- тауар немесе ұқсату өнімі импорты немесе экспорты Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесіне жататын болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкімін;

- мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылған қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын ұсынуға міндетті.

1.3. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің ұқсату режимін қолданудың экономикалық мақсатта жөн екендігі туралы қорытындысы бар болса, тауарларды ұқсату операцияларының нәтижесінде алынған өнімдердің міндетті мөлшерін және оларды қайта әкету мерзімдерін анықтау бойынша, с о н ы м е н қ а т а р :

- әкелінген тауарлар ұқсату өнімдерін біртектестендіріле алатын;

- ұқсату өнімдерінің экспортына не Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын пайдалануға септігін тигізетін;

- Қазақстан Республикасы кеден аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген қазақстандық тұлға өзі жасасқан ұқсатуға келісім шарт бойынша тауарларды әкелетін жағдайда ҚР КК-і кеден аумағында тауарларды ұқсатуға рұқсатты (N 2 қ о с ы м ш а) б е р е д і .

Кеден аумағында тауарларды ұқсатуға рұқсат ол мәлімдеушінің ұсынған толық емес немесе жалған мәліметтері негізінде берілген болса, сонымен қатар оның иесі осы ереженің шарттарын сақтамаса немесе рұқсат Қазақстан Республикасының экономикалық саясатына бұдан әрі сәйкес келмесе қайтарып а л ы н у ы м ү м к і н .

1.4. Қазақстан Республикасы экономика министрлігі мен ҚР КК-інің қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасына нұқсан келтірсе немесе ұқсату өнімдерін біртектестендіру мүмкін болмаса, мүдделі адамдардың Қазақстан Республикасы кеден аумағына ұқсатуға тауарларды әкелуге рұқсатты беруден б а с т а р т ы л у ы м ү м к і н .

1.5. ҚР КК-інің ұқсатуға рұқсатты беруге қатысты шешімі жазбаша түрде мүдделі адамға 30 күн мерзімі ішінде жеткізілуі тиіс.

1.6. Кеден органдары ұқсатушы кәсіпорындарында әкелінген тауарлардың бар екендігін тексеруге, кәсіпорындардың әкімшіліктерінен осындай тауарлардың есебін жүргізу мен ұқсату бойынша қойма, қаржы және технологиялық құжаттарды талап етуге құқысы бар.

1.7. Кеден Комитеті ұқсатуға әкелінген тауарларды табу мерзімі ұқсату операцияларының сипаттарын ескере отырып, әр нақты жағдайда, бірақ Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тауарлардың өткізілген күнінен бастап 2 жылдан асырылмай белгілейді. Аталған мерзімдер ұқсату процестері мен оның өнімдерін иеленудің экономикалық жағынан ақталған ұзақтығын ескеруі тиіс.

1.8. Әр нақты жағдайда Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қорытындысы негізінде кеден аумағында әр ұқсату операциялары бойынша ұқсату өнімдерінің шығым нормасын белгілейді.

Қазақстан Республикасы кеден органдары тауарларды ұқсату операциялары нәтижесінде алынған ұқсату өнімдерінің міндетті шығым мөлшерін белгілейді.

Бұл арада кеден лабораториялары келіспеушілік жағдайында ұқсату өнімдерінің шығым нормасы бойынша түпкі қорытындыны жасайды.

1.9. Ұқсатуға рұқсат алған адам ҚР КК-інің келісімімен басқа адам иегердің барлық міндеттемелерін өз мойнына алатын жағдайда әкелінген тауарлар мен ұқсату өнімдерін иелену құқығын оған бере алады, мұндайда рұқсатта тиісті б е л г і ж а с а л ы н а д ы .

Ұқсатуға келісім шарттың шарттарын өзгерген жағдайда ҚР КК-інің бұрын берілген рұқсаттың қолданылуы туралы жазбаша растауы қажет болады. Бұл ретте тауарларды ұқсатушы кәсіпорын өзгерген жағдайда ҚР КК-іне Қазақстан Республикасы экономика министрлігінің тауарларды ұқсату операциялары нәтижесінде алынған ұқсату өнімдерінің міндетті шығым мөлшерін белгілеу бойынша (N 2а қосымша) қорытындысын міндетті түрде ұсыну керек.

1.10. "Кеден аумағында ұқсату" кеден режимімен орналастырылған, бірақ ұқсатудан өтпеген тауарлар иесінің өтінішімен ҚР КК-і бақылаушы кеден органының тауардың ұқсатудан өтпегендігі жөнінде растауы болған жағдайда шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары "кері экспорт" режимімен әкетуге рұқсатты береді.

1.11. Кеден заңдарының 279 бабына сәйкес тауарларды ұқсату тәртібін бұзу, яғни Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" N 2368 Жарлығымен және ҚР КК-інің нормативті актілерімен белгіленген ұқсатуға арналған талаптарды, шектеулер мен рұқсат беру шарттарын, оларды ұқсатудың, ұқсату өнімдерінің шығымы мөлшерін, осындай тауарларды ұқсату операцияларын жүргізу тәртібі мен м е р з і м і н с а қ т а м а у .

лицензияның күшін кідірте отырып, ең төменгі бестен жиырмаға дейінгі есептеу көрсеткіштері мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1.12. Рұқсатта көрсетілген мерзімдердің негізгі түрде орындалмайтын кезінде Кеден комитеті ұзарту қайта әкету мерзімі өткен соң жүзеге асырылатын болса, Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы тауар өткізілген күннен бастап екі жылдан асырмай ұқсату мерзімін ұзарты алады.

Бұл арада ұқсатуға рұқсат алған адам ҚР КК-іне тауарларды ұқсатудың шекті мерзімі өткенге дейін бір айдан асырмай мерзімді ұзарту жөнінде ықтиярлы нысанда өтініш беруі тиіс. Өтінішпен бірге ол адам ҚР КК-іне:

а) кеден органының белгіленген нысандағы тауарларды ұқсату мерзімін одан әрі ұзартудың жөн екендігі туралы қорытындысын (N 4 қосымша) ұсынуы қажет.

Қажет болған жағдайда ҚР КК-і қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұрастыра алады. Мұндай жағдайда өтінішті қарау мерзімі құжаттар мен мәліметтер ұсынылған күннен бастап есептеледі.

Жалпы қарау мерзімі бір айдан аспауы керек.

1.13. Қазақстан Республикасы кеден аумағы бойынша қазақстандық тауарлар мен ұқсату өнімдерінің тасымалдануына бақылау Тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1.14. Кедендік жүк лицензияларын толтыру "Кедендік жүк декларацияларын толтыру тәртібі туралы нұсқауға" сәйкес жүргізіледі.

2. Кеден баждары мен салықтарды төлеу тәртібі

2.1. Кеден аумағында ұқсатудың кеден режиміне орналастырылатын шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелген кезде кеден органының депозитіне кеден органының мәлімделінген кеден органының депозитіне кеден органының мәлімделінген кеден режиміне сәйкес ұқсатуға тауарларды әкелуге кедендік жүк декларациясын қабылдаған күнге қолданылатын ставкалар бойынша әкелу кеден баждары мен салықтары салынады. Бұл ретте кедендік жүк декларациясының 47 бағанының "СП" сатысында "ун" коды көрсетіледі.

2.2. Ұқсату өнімдерін экспорттау кезінде экспортталатын ұқсату өнімдерін алуда пайдаланылған тауарларды өндіріп алынған мөлшерге қатысты әкелу кеден баждары мен салықтарының сомалары осы Ереже сақталған жағдайда, сонымен қатар ұқсату өнімдері Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы екі жылдан кешіктірілмей экспортталатын жағдайда төлем валютасымен төлеушіге қайтаруға жатады.

Қайтарылатын сомалардың проценттері есептелінбейді.

2.3. Қазақстанның кеден аумағына еркін айналысқа шығарылатын шетелдік тауарлар мен ұқсату өнімдері "еркін айналысқа шығару" режимімен ресімделінген кеден декларациясы қабылданған күнге қолданылатын ставкалар бойынша әкелу кеден баждары мен салықтарын салуға жатады. Бұл ретте әкелу кеден баждары мен салықтары ұқсатуға әкелінген тауарларға қатысты қолданылады және еркін айналысқа шығару үшін декларацияланған тауарлардың құны мен мөлшерін анықтау күні болып осындай тауарларды "еркін айналысқа шығарудың" кеден режимімен орналастырылған күні саналады.

Әкелу баждары мен салықтарын төлеу ұқсатуға тауарларды әкелу кезінде кеден органының депозитке салған сомалары есебінен жүргізіледі. Егер тауарларды әкелу кезінде кеден органының депозитке салған сомасы "еркін айналысқа шығару" режимі бойынша есептелген сомадан аз болса, тауарлар кеден органының есебіне кеден баждары мен салықтарының жетпеген сомалары төленген соң ғана еркін айналысқа шығарылуы мүмкін.

2.4. Ұқсатудан өтпеген әкелінетін шетелдік тауарлар, сондай-ақ ұқсату өнімдері әкету кеден баждарынан босатылады. Аталған тауарлар мен өнімдерге экономикалық саясат шаралары (лицензиялау, квоталау, келісім-шартты тіркеу ж. т. б.) қолданылмайды.

2.5. Әкелу баждары мен салықтары ұқсатуға әкелінген тауарлар немесе

ұқсату өнімдері құртылған жағдайда не авария немесе тежеусіз күштің әрекеті салдарынан тауарлық сапаларының орнына келместей жоғалуы жағдайында қайтарылады. Бұл ретте олардың құруы немесе тауарлық сапаларының жоғалуы жөніндегі факт кеден органдарының талаптарына сәйкес тиісінше куәлендірілуі қ а ж е т .

2.6. Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлар мен ұқсату өнімдерін еркін айналысқа шығару жағдайында олар құрығаннан кейінгі кез келген қалдықтар мен сынықтары осындай қалдықтар мен сынықтардың импорты үшін көзделген әкелу кеден баждары мен салықтарды салуға жатады.

2.7. Ұқсатуға әкелінген, сонымен қатар Қазақстан Республикасы кеден аумағында жоғалған немесе ұрланған ұқсату өнімдері үшін кеден органдарының депозитіне бұрын салынған әкелу баждары мен салықтары қайтарылмайды. Бұдан басқа тауарлар иесі кеден заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

2.8. Осы Ережеде көзделген ақша қаражатын қайтары Кеден төлемдерін алу туралы нұсқауға сәйкес және 1.3. тармақтың соңғы бөлігінде айтылған рұқсат шарттарына сәйкес ұқсату режимі жабылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Осы сомалар шотына түскен кеден органына баждардың сомаларын қайтару үшін төмендегідей құжаттар:

- қайтару туралы өтініші бар төлеушінің жазбаша өтініші, оның ақша қаражаты қайтарылуға тиісті банкісінің реквизиттері;
 - ұқсатуға тауарларды әкелуге кедендік жүк декларацияларының көшірмелері ;
 - өкілетті банктің орындалуы туралы белгісі қойылып, тиесілі кеден баждарының төленгенін растайтын төлем құжаттары;
 - шекаралық кеденнің ұқсату өнімдерінің ҚР-сы кеден аумағынан тысқары әкетілгені туралы растауларының түсуі міндетті түрде ұсынылады.
- Ұқсату өнімдерін тауарларды ұқсатуға әкелу кезінде кедендік ресімдеуді жүргізбеген кеден органдары арқылы әкету жағдайында қайтару бақылаушы кеден органына ұқсату өнімдерін әкетуге ресімделінген кедендік жүк декларацияларының көшірмелерін берген соң және тауарды әкетуді ресімдеген кеден органынан мұны растауы алынған соң жүргізіледі.

3. Әкелінетін тауарлар мен әкетілетін ұқсату өнімдерін біртектестендіру шаралары

3.1. "Кеден аумағында ұқсату" кеден режимімен әкелінген тауарларды,

сонымен қатар әкетілетін ұқсату өнімдерін біртектестендіру үшін кеден органдары осы тауарларға қорғасын мөртаңбалары, мөрлер, жай мөртаңбалар, цифрлік және басқа да таңбалау түріндегі кедендік қамсыздандыруды қолдана алады. Тауарларды сипаттауды, масштабтық, бейнеленуін, суреттерді

пайдалануға, сынамаларды, үлгілерді алуға, сондай-ақ тауарлар иесінің құжаттарын оқып үйренуге жол беріледі.

4. Ұқсатуға әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу

4.1. "Қазақстан Республикасы кеден аумағында ұқсату" кедендік режимімен әкелінетін тауарларды ресімдеу рұқсатта көрсетілген ұқсату жеріне жақын орналасқан кеден органында жүргізіледі.

4.2. Кедендік ресімдеу:

- Қазақстан Республикасы кеден аумағында тауарларды ұқсатуға рұқсатты көрсеткен;
- мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылатын қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын ұсынған;
- кеден органы депозитіне әкелу кеден баждары мен салықтарды салған;
- тиісті түрде толтырылған кедендік жүк декларацияларын ұсынған;
- әкелінетін тауарларды қарап тексеру мен біртектестендіру үшін ұсынған;
- кеден бақылауына қажетті басқа құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізіледі.

4.3. Тауарлардың әкелінуін ресімдеген кеден органы кедендік жүк декларациясының бір көшірмесін (сыртқы жақ бетінде инспектордың қолы мен жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген рұқсат нөмірі көрсетіліп жазу жазылады) куәлендіріледі және декларантқа ұқсату өнімдерінің экспорттың кеден режимімен орналастырылған кезінде кеден органына ұсыну үшін тапсырады.

5. Ұқсату өнімдерін әкетуді кедендік ресімдеу

5.1. Ұқсату өнімдерін әкетуді кедендік ресімдеу:

- "Қазақстан Республикасы кеден аумағында ұқсату" кеден режимімен тауарларды орналастыру кезінде кеден органының куәлендірілген кедендік жүк декларациясының көшірмесін;

- Қазақстан Республикасынан тысқары ұқсату өнімдерін әкетуге тиісті түрде толтырылған кедендік жүк декларациясын;

- мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылатын қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын;

- ұқсату өнімдерін қарап тексеру мен біртектестендіру үшін, сонымен қатар кеден аумағында ұқсатуға рұқсатты беру шарттарының орындалуын тексеру үшін;

- кеден бақылауына қажетті басқа құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізіледі.

5.2. Ұқсату өнімдерінің әкетілуін ресімдеген кеден органы кедендік жүк декларациясының бір көшірмесін (сыртқы жақ бетінде инспектордың қолы мен жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген рұқсат нөмірі көрсетіліп жазу жазылады) декларантқа бақылаушы кеден органына ұсыну үшін тапсырады.

5.3. Ұқсатуға тауарларды әкелуді және ұқсату өнімдерін әкетуді кедендік ресімдеуді түрлі кеден органдары жүргізген жағдайда ұқсату режиміне толық бақылауды рұқсатта көрсетілген бақылаушы кеден органы жүргізеді. Бұл арада ұқсату өнімдерінің әкетілуін ресімдеген кеден органы рұқсат нөмірі, КЖД нөмірлері, әкетілген ұқсату өнімдерінің атауы, мөлшері, сонымен қатар олардың әкетілу мерзімі туралы мәліметтер көрсетіліп, бақылаушы кеден органына осы жөнінде хабарлайды.

5.4. Рұқсат алған адам ұқсату өнімдерін қайта әкету мерзімі аяқталғанға дейін бақылаушы кеден органына тауарлар мен ұқсату өнімдерін әкелуді, әкетуді ресімдеген кеден органдары куәлендірген кедендік жүк декларацияларының көшірмелері ұсынылып, ұқсату режимін пайдалану жөнінде толық есеп беруге міндетті.

5.5. Тауарларды әкелу мен ұқсатуды жүзеге асырған адамның тауарларды ұқсатуға рұқсаттың шарттарын, оларды ұқсатудың тәртібі мен мерзімдерін, ұқсату өнімдерінің шығым мөлшерін бұзған жағдайында кеден органы кеден ережелерінің бұзылғандығы жөнінде іс қозғайды, сонымен қатар ҚР КК-іне хабарланады және рұқсаттың күші кідіріледі немесе қайтарып алынады.

Ұқсату мерзімдері бойынша кеден ережелерінің бұзылғандығы туралы іс тауарларды ұқсату мерзімі өткеннен кейінгі келесі күні басталады.

1 қосымша

Қазақстан Республикасы кеден аумағында
ұқсатудың кеден режимін пайдалануға
ӨТІНІШ

1. Мәлімдеушінің (ұйымның) аты-жөні, оның мекен-жайы, есепшотының N
2. Ұқсатуға келісім-шарттың (шарттың) нөмірі мен күні
3. Тауардың атауы
4. Тауардың коды, сипаттамасы, мөлшері
5. Тауардың келісім-шарттық құны
6. Ұқсату өнімдерінің атауы
7. Ұқсату өнімдерінің коды, сипаттамасы, мөлшері
8. Ұқсату өнімдерінің келісім-шарттық құны
9. Ұқсату бойынша қызметтердің құны
10. Ұқсату өнімдерінің шығым нормасы
11. Ұқсату сипаттары
12. Ұқсатушы кәсіпорынның атауы, оның мекен-жайы
13. Біртектестендіру әдістері
14. Кеден аумағында ұқсатуды бақылайтын кеденнің атауы
15. Қайта әкетудің мерзімі (күні, айы, жылы)
16. Осы өтініште көрсетілген ұқсату өнімдерін немесе шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасы кеден аумағынан 199__ жылдың _____ дейін әкетуге міндеттенеміз.

Мәлімдеушінің қолы
(жетекші)
(бас бухгалтер)

мөрі

күні

2 қосымша

Кеден органдары үшін

Қазақстан Республикасы кеден аумағында ұқсатуға

РҰҚСАТ

Берілген күні

1. Мәлімдеушінің (ұйымның) аты-жөні, оның мекен-жайы, есепшотының N
2. Ұқсатуға келісім-шарттың (шарттың) нөмірі мен күні
3. Тауардың атауы
4. Тауардың коды, сипаттамасы, мөлшері
5. Тауардың келісім-шарттық құны
6. Ұқсату өнімдерінің атауы
7. Ұқсату өнімдерінің коды, сипаттамасы, мөлшері
8. Ұқсату өнімдерінің келісім-шарттық құны
9. Ұқсату бойынша қызметтердің құны
10. Ұқсату өнімдерінің шығым нормасы
11. Ұқсату сипаттары
12. Ұқсатушы кәсіпорынның атауы, оның мекен-жайы
13. Біртектестендіру әдістері
14. Кеден аумағында ұқсатуды бақылайтын кеденнің атауы
15. Қайта әкетудің мерзімі
16. Ерекше белгілер

Қазақстан Республикасы
Кеден Комитеті
Төрағасының қолы

мөрі

күні

2а қосымша

Қазақстан Республикасы
Кеден Комитеті үшін

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің
Қазақстан республикасы кеден аумағында/одан тысқары
кеден бақылауымен ұқсату режимін пайдаланудың
экономикалық мақсатқа сәйкестігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Мәлімдеушінің (ұйымның) аты-жөні, оның мекен-жайы, есепшотының N
2. Ұқсатуға келісім-шарттың (шарттың) нөмірі мен күні
3. Экономикалық мақсатқа сәйкестігінің көрсеткіштері
4. Тауардың атауы
5. Мөлшері
6. Ұқсату өнімдерінің атауы
7. Мөлшері
8. Ұқсату өнімдерінің шығым нормасы
9. Ұқсату сипаттары
10. Ұқсатушы кәсіпорынның атауы, оның мекен-жайы
11. Қайта әкетудің мерзімі (күні, айы, жылы)

Қазақстан Республикасының
Қолы Экономика министрлігі

М.О. күні

3 қосымша

Кеден аумағында (одан тысқары) (кеден бақылауымен)
тауарларды ұқсату мерзімін одан әрі ұзартудың мақсатқа
сәйкестігі туралы кеденнің қорытындысы

_____ N _____ рұқсат бойынша

1. Тауарларды әкелу (әкету):

Тауардың атауы СЭҚ ТН Тауардың Тауардың мөлшері мен өлшем					
коды		құны	бірліктері		
			рұқсат б. іс жүзінде		
1	2	3	4	5	

Тауарларды әкелуге (әкетуге) рұқсат _____% орындалды.

2. Ұқсату өнімдерін әкету (әкелу, өзге кеден режимімен орналастыру):

Тауардың атауы СЭҚ ТН Тауардың Тауардың мөлшері мен өлшем				
коды		құны	бірліктері	
		рұқсат б. іс жүзінде		
1	2	3	4	5

Іс жүзінде әкелінген (әкетілген) тауарға қатысты ұқсату өнімдерін әкету (әкелу, өзге кеден режимімен орналастыру) _____ % орындалды.

3. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша шығарылған қаулының мазмұны: _____

(шығарылған жағдайда көрсетіледі)

4. Мерзімін ҚР КК-і ұзартып қойған:

(құжаттың күні мен шыққан нөмірі)

5. Кеденнің қорытындысы: _____

Кеден басқармасының бастығы
(кеден мөрімен куәлендірілген қолы)

2 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕН АУМАҒЫНАН ТЫСҚАРЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАРЛАРДЫ ҰҚСАТУ ҮШІН ӘКЕТУГЕ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Осы Ереженің мақсатында:

а) "кеден аумағынан тысқары ұқсатуға қазақстандық тауарларды әкету"

термині кеден баждарынан толық немесе ішінара босатылып, салықтардан толық босатылып және экономикалық саясат шаралары қолданылмай, қазақстандық тауарлардың ұқсатылатын және Қазақстан Республикасы кеден аумағында ұқсату өнімдерінің одан әрі еркін айналысқа шығарылатын мақсатта Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары әкетіле және пайдаланыла алатын кеден р е ж и м і н б і л д і р е д і ;

б) "ұқсату өнімдері" термині Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары ұқсату нәтижесінде алынған тауарларды білдіреді;

в) "тауарларды ұқсату" термині:

- құрастыру, жиыстыру және басқа тауарларға қиюластыруды қосқанда тауар ә з і р л е у ;

- тауарларды ұқсату мен өңдеу;

- қалпына келтіруді қосқанда тауарларды жөндеу;

- өндірісте пайдаланылатын немесе осындай тауарлардың өзі ұқсату барысында толық немесе ішінара тұтынылатын болса да, ұқсату өнімдерін өндіруді жеңілдететін кейбір тауарларды қолдану бойынша операцияларды б і л д і р е д і ;

г) "бақылаушы кеден органы" термині Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті берген рұқсаттың түпнұсқасы сақталатын және ұқсату режимінің орындалуына толық бақылауды жүзеге асыратын кеден органын білдіреді.

Қалған терминдер Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" N 2368 Жарлығының 18 бабына сәйкес қ о л д а н ы л а д ы .

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатудың кеден режимі: тауарларды әкету әкелу кеден баждары мен салықтарын қайтаруды, олардан босатуды не әкету кезінде берілетін төлемдерді алуды талап етуге негіз болса; әкетілгенге дейін тауарлар әкелу кеден баждары мен салықтарынан толық босатылып осындай босатуды пайдалану аяқталғанға дейін еркін айналысқа ш ы ғ а р ы л ғ а н б о л с а ;

ұқсату өнімдерін Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары сату туралы келісім-шарттың жасалуына байланысты ұқсатуға әкетілетін тауарлар қайтаруға жатпайтын жағдайларда қолданылуы мүмкін.

1.2. Қазақстан Республикасы кеден заңдарына және осы Тәртіпке сәйкес қазақстандық тауарларды (бұдан әрі - тауарлар) ұқсату үшін әкету ҚР КК-інің рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

Қалпына келтіруді қосқанда жөндеу үшін тауарларды әкелуге рұқсатты осы ережеде көзделген тәртіппен жергілікті кеден органдары береді.

1.3. Тауарларды ұқсатуға әкетуді жүзеге асыратын адам немесе оның өкілі ҚР КК-іне және Қазақстан Республикасы Экономика министрлігіне уақтысында:

- белгіленген нысандағы жазбаша өтінішті (N 1 қосымша);
- белгіленген тәртіппен ҚР-сындағы тіркеу туралы куәлікті;
- тауарлардың тек қана ұқсату мақсатында әкелінетіндігін біржақты растайтын ұқсатуға шартты (келісім шартты);
- келісім шарт жасасқан адам тауарларды ұқсату операцияларын жүзеге асырмайтын болса, ұқсатушы кәсіпорынмен келісім шартты;
- ұқсату өнімдерінің бағасы мен ұқсату тауарларының құнын ескере отырып, өнімдерді өндірудің жылдық көлемі, ұқсатуға жоспарланған өнім көлемі, қайтару шарттары көрсетілген ұқсату режимінің техникалық-экономикалық негіздемесін;

- тауар немесе ұқсату өнімі импорты немесе экспорты Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесіне жататын болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкімін;

- мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылған қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын ұсынуға міндетті.

1.4. Қазақстан Республикасы Экономика Министрлігінің ұқсату режимін қолданудың (N 2а қосымша) экономикалық мақсатқа сәйкестілігі туралы қорытындысы бар болса, тауарларды ұқсату операцияларының нәтижесінде алынған өнімдердің міндетті мөлшерін және оларды қайта әкету мерзімдерін анықтау бойынша, сонымен қатар:

- Қазақстан Республикасы кеден органы ұқсату өнімдерінің әкетілген тауарларды ұқсату нәтижесінде пайда болғандығын анықтау мүмкін деп е с е п т е й т і н ;

- тауарларды кеден аумағынан тысқары ұқсату Қазақстан экономикасының мүдделеріне елеулі нұқсан келтірмейтін жағдайда ҚР КК-і кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатуға әкетуге рұқсатты береді.

Рұқсатты ҚР КК-і қайтарып ала алады немесе оның қолданылу күшін кідірте а л а д ы .

Рұқсат ол мәлімдеушінің ұсынған толық емес немесе жалған мәліметтері негізінде берілген болса, сонымен қатар ҚР КК-інің белгіленген негіздері б о й ы н ш а қ а й т а р ы п а л ы н а д ы .

1.5. Қазақстандық тауарларды ұқсатуға әкетуге рұқсат ұқсатуға келісім шарт жасаған және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы кеден аумағында тіркелген адамдарға беріледі.

1.6. Қазақстан Республикасы экономика министрлігі мен ҚР КК-інің қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасына нұқсан келтірсе немесе ұқсату өнімдерін біртектестендіру мүмкін болмаса, өтініш берген адамға Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары қазақстандық тауарларды ұқсатуға әкетуге рұқсатты беруден бас тартылуы мүмкін.

Әкетілген тауарларды ұқсату нәтижесінде пайда болған ұқсату өнімдерін біртектестендіру тәуелсіз сараптаманың (ҚР Мемлекеттік стандартта тіркелген органдардың) актісімен расталатын жағдайларды қоспағанда ұқсату өнімдерін біртектестендіру мүмкін болмағандықтан ұқсату нәтижесінде:

- алкогольдік ішімдіктер;

- темекі бұйымдары секілді ұқсату өнімдері алынатын тауарларға қатысты Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары ұқсатуға рұқсатты беруге ж о л б е р і л м е й д і .

1.7. Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің қазақстандық тауарларды Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары ұқсатуға әкетуге өтініш бойынша шешімі жазбаша түрде мүдделі адамға 30 күн мерзімі ішінде жеткізілуі т и і с .

1.8. Әр нақты жағдайда Қазақстан Республикасының Кеден Комитеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қорытындысы негізінде әр ұқсату операциялары бойынша әкетілетін тауарлардың шығын нормасын б е л г і л е й д і .

Қазақстан Республикасының кеден органдары кедендік мақсатта тауарларды ұқсату операциялары нәтижесінде алынған ұқсату өнімдерінің міндетті шығын мөлшерін белгілей алады. Бұл арада кеден лабораториялары келіспеушілік жағдайында ұқсату өнімдерінің шығын нормасы бойынша түпкі қорытындыны ж а с а й д ы .

1.9. Кеден Комитеті ұқсатуға әкетілетін тауарларды табу мерзімін ұқсату операцияларының сипаттарын ескере отырып, әр нақты жағдайда, бірақ Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлардың өткізілген күнінен бастап 2 жылдан асырылмай белгілейді. Аталған мерзімдер ұқсату процестерінің экономикалық жағынан ақталған ұзақтығын ескеруі тиіс.

*Ескерту: 1.10.-1.14-тармақтардың қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді беріп отырмыз.

1.10. Ұқсату өнімдері Қазақстан Республикасы кеден аумағына қазақстандық

тауарларды ұқсатуға әкетуге рұқсатта белгіленген мерзімдерде әкетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Кеден Комитеті қазақстандық тауарлардың иесінің өтінішімен өтінішті дәлелді деп тапса және жалпы мерзімі екі жылдан аспаса, осы мерзімді ұзарта алады.

Бұл арада ұқсатуға рұқсат алған адам ҚР КК-іне тауарларды ұқсатудың шекті мерзімі өткенге дейін бір айдан асырмай мерзімді ұзарту жөнінде ықтиярлы нысанда өтініш беруі тиіс.

При этом лицо, получившее разрешение на переработку товаров, должно подать в ТК РК заявление в произвольной форме о продлении сроков не позднее одного месяца до истечения предельных сроков переработки товаров. Одновременно с заявлением в ТК РК лицо должно представить:

а) заключение таможенного органа установленной формы о целесообразности дальнейшего продления срока переработки товаров (Приложение 4);

При необходимости ТК РК может запросить дополнительные документы и сведения. В этом случае, срок рассмотрения заявления исчисляется со дня представления таких документов и сведений.

Общий срок рассмотрения не может превышать одного месяца.

1.11. Таможенный комитет Республики Казахстан по согласованию с Министерством экономики Республики Казахстан вправе устанавливать ограничения на отдельные операции по переработке товаров вне таможенной территории.

1.12. Замена продуктов переработки иностранными товарами не допускается.

1.13. Лицо, получившее разрешение на переработку товаров вне таможенной территории и не возвратившее товары либо не осуществившее ввоз продуктов переработки в установленные сроки, не несет ответственности лишь в случае, если факт уничтожения, или безвозвратной утраты товаров либо продуктов переработки вследствие аварии или действия непреодолимой силы, их недостачи в силу естественного износа или убыли при нормальных условиях транспортировки и хранения, либо выбытия из владения вследствие неправомерных по законодательству Республики Казахстан действий органов или должностных лиц иностранного государства подтвержден консульскими учреждениями Республики Казахстан за границей.

1.14. В соответствии со ст. 279 таможенного законодательства нарушение порядка переработки товаров, то есть несоблюдение установленных Указом Президента Республики Казахстан, имеющего силу Закона "О таможенном деле в Республики Казахстан" N 2368 и нормативными актами Таможенного комитета Республики Казахстан требований ограничений и условий предоставления разрешения на переработку товаров, порядка и сроков их переработки, количества выхода продуктов переработки, проведения операций по переработке

т а к и х

т о в а р о в ,

-

влечет наложение штрафа в размере от пяти до двадцати расчетных показателей с приостановлением действия разрешения.

Замена продуктов переработки другими товарами, -
влечет наложение штрафа в размере двадцати расчетных показателей с
приостановлением действия разрешения на переработку товаров и конфискацией
т о в а р о в .

1.15. Қазақстан Республикасы кеден аумағы бойынша қазақстандық тауарлар мен ұқсату өнімдерінің тасымалдануына бақылау тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1.16. Кедендік жүк декларацияларын толтыру "кедендік жүк декларацияларын толтыру тәртібі туралы нұсқауға" сәйкес жүргізіледі.

2. Кеден баждары мен салықтарды төлеу тәртібі

2.1. Кеден аумағынан тысқары ұқсатудың кеден режимімен орналастырылатын қазақстандық тауарларды әкеткен кезде кеден органының депозитіне кеден органының мәлімделінген кеден режиміне сәйкес ұқсатуға тауарларды әкетуге кедендік жүк декларациясын қабылдаған күнге қолданылатын ставкалар бойынша әкету кеден баждары мен салықтары
с а л ы н а д ы .

Ұқсату өнімдерін Қазақстанның кеден аумағына еркін айналысқа шығаратын кезде еркін айналысқа шығарылатын ұқсату өнімдерінен алуға пайдаланылған тауарлардан өндіріп алынған мөлшерге қатысты әкету кеден баждары мен салықтарының сомалары осы Ереже сақталған жағдайда төлем валютасымен әкету кеден бажының төлеушісіне қайтаруға жатады.

Қайтарылатын сомалардың проценттері есептелінбейді.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ережелерімен белгіленсе кеден аумағынан тысқары ұқсатуға шығарылатын тауарлар кеден баждарынан босатылуы мүмкін.

2.2. Ұқсату өнімдерін әкелу кеден аумағынан тысқары немесе ішінара босату мұндай өнімдерді кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатуға рұқсат алған адам не оның тапсыруы бойынша кеден делдалы еркін айналысқа шығаруға мәлімдеген жағдайда беріледі.

Әкелу кеден баждарынан толық босату еркін айналысқа алғаш шығарған кезде жетіспеушілік ескерілгеннен басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы кеден органының заңдар немесе шарттың ережелерімен тегін жүзеге асырылатын әкетілген тауарды жөндеу ұқсатудың мақсаты болғандығына көзі жететін

жағдайда

беріледі.

Әкелу кеден баждарынан ішінара босату әкетілетін тегін жөндеу кезінде және басқа ұқсату операцияларын жүзеге асыру барысында беріледі. Кеден бажының сомасы жөндеу немесе ұқсату құнына көбейтілген ұқсату өнімдеріне қолданылатын ставкалар ескеріліп анықталады.

Әкелінетін ұқсату өнімдері бойынша салықтардан толық босату ұқсатуға рұқсат алған адам не оның тапсыруы бойынша кеден делдалы еркін айналысқа шығаруға мәлімдеген жағдайда беріледі.

2.3. Осы Ережеде көзделген ақша қаражатын қайтару Кеден төлемдерін алу туралы нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

Осы сомалар шотына түскен кеден органына баждардың сомаларын қайтару үшін төмендегідей құжаттар:

- қайтару туралы өтініші бар төлеушінің жазбаша өтініші, оның ақша қаражаты қайтарылуға тиісті банкісінің реквизиттері;
- ұқсатуға тауарларды әкетуге кедендік жүк декларацияларының көшірмелері;

- өкілетті банктің орындалуы туралы белгісі қойылып, тиесілі кеден баждарының төленгенін растайтын төлем құжаттары міндетті түрде ұсынылады.

Ұқсату өнімдерін тауарларды ұқсатуға әкету кезінде кедендік ресімдеуді жүргізбеген кеден органдары арқылы әкелу жағдайында қайтару бақылаушы кеден органына әкету мен әкелуге ресімделінген кедендік жүк декларацияларының көшірмелерін берген соң және ұқсату өнімдерін әкелуді ресімдеген кеден органынан мұны растауы алынған соң жүргізіледі.

3. Әкетілетін қазақстандық тауарлар мен әкелінетін ұқсату өнімдерін біртектестендіру шаралары

3.1. Ұқсатуға әкетілетін қазақстандық тауарларды, сонымен қатар ұқсату өнімдерін біртектестендіру үшін кеден органдары осы тауарларға қорғасын мөртаңбалары, мөрлер, жай мөртаңбалар, цифрлік және басқа да таңбалау түріндегі кедендік қамсыздандыруды қолдана алады. Тауарларды сипаттауды, масштабтық бейнелерді, суреттерді пайдалануға, сынамаларды,

үлгілерді алуға, сондай-ақ тауарлар иесінің құжаттарын оқып, үйренуге жол беріледі.

Кеден органдары ұқсату бөлімдерін біртектестендіру үшін осы тауарлармен кеден аумағынан тысқары жүргізілетін операцияларға қатысты тауарларының шығуы туралы сертификаттарды, сонымен қатар коммерциялық

құжаттарды пайдалана алады.

4. Қазақстандық тауарлар мен ұқсату өнімдерін кедендік ресімдеудің тәртібі

а) қазақстандық тауарлар:

4.1. Кеден аумағынан тысқары ұқсатуға әкетілетін қазақстандық тауарларды кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің рұқсатында көрсетілген кеден органы:

- Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің ұқсатуға рұқсатын;
- мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылатын қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын;
- кеден органының шотына әкету кеден баждарын аудару туралы банктің құжатын не тауарларды әкетуге рұқсат етілген кезеңге мәлімдеушінің баждарды төлеуден және кеден алымдарын төлеуден шартты түрде босатылғаны туралы құжатты;
- тиісті түрде толтырылған кедендік жүк декларацияларын ұсынған;
- сонымен қатар кедендік ресімдеу мен бақылауды жүргізуге байланысты

басқа да талаптарды орындаған жағдайда жүргізеді.

4.2. Тауарларды әкетуге құжаттарды кедендік ресімдеу тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

4.3. Кедендік ресімдеу жүргізілгеннен кейін кеден органы кедендік жүк декларациясының бір көшірмесін (сыртқы жақ бетінде рұқсат нөмірі мен әкелінетін ұқсату өнімдерін кедендік ресімдеу жүзеге асырылатын кеден органының атауы, инспектордың қолы мен жеке мөрі көрсетіліп жазу жазылады) куәлендіріледі.

б) ұқсату өнімдері

4.4. Әкелінетін ұқсату өнімдерін шекаралық кеден органы ұқсату өнімдерін

еркін айналысқа шығару туралы мәселені шешу үшін ішкі кеден органына тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес ресімдейді.

4.5. Ұқсату өнімдері еркін айналысқа:

- қазақстандық тауарларды әкетуді ресімдеген кеден куәлендірілген әкетуге кедендік жүк декларациясының көшірмесін ұсынған;
 - тиісті түрде толтырылған кедендік жүк декларацияларын ұсынған;
 - мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес лицензияландырылатын қызметтің түрлерімен айналысуға құқығы бар екендігі жөніндегі лицензиясын көрсеткен;
 - ұқсату өнімдерін қарап тексеру мен біртектестендіру үшін және қазақстандық тауарларды ұқсатуға әкетуге рұқсаттың шарттарының орындалуын тексеруге көрсеткен;
 - кеден заңдары мен осы Ережеде көзделген болса, кеден алымдарын, баждары мен салықтарын төлейді;
- сонымен қатар, кедендік ресімдеу мен бақылауды жүргізуге байланысты басқа да талаптарды орындаған жағдайда шығарылады.

4.6. Ұқсату өнімдерін ресімдеген кеден органы кедендік жүк декларациясының бір көшірмесін (сыртқы жақ бетінде рұқсат нөмірі мен әкелінетін ұқсату өнімдерін кедендік ресімдеу жүзеге асырылатын кеден органының атауы, инспектордың қолы мен жеке мөрі көрсетіліп жазу жазылады) куәлендіріледі және осы рұқсат бойынша ұқсату режимінің толық орындауды бақылайтын кеден органына ұсыну үшін декларантқа тапсырады.

5. Кеден бақылауын жүзеге асырудың тәртібі

5.1. Ұқсату режимімен әкетілетін қазақстандық тауар бір кеден органы арқылы өткізілетін болса, рұқсаттың түпнұсқасы тікелей осы кеден органына беріледі.

5.2. Бір рұқсат бойынша қазақстандық тауарды ұқсатуға әкету түрлі кеден органдары арқылы жүргізілген жағдайда рұқсаттың түпнұсқасы аумағы арқылы тауардың неғұрлым көбірек мөлшері әкетілетін кеден органына жөнелтіледі. Барлық басқа кеден органдарына рұқсаттың бір бір көшірмесі ұсынылуы тиіс.

Рұқсаттың әр көшірмесін рұқсаттың түпнұсқасы жатқан кеден мекемесінің бастығы мөрімен және қолымен куәлендірілуі қажет.

5.3. Рұқсат алған адам ұқсату өнімдерін қайта әкелу мерзімі аяқталғанға дейін

рұқсатта көрсетілген (бірнеше кеден мекемелері арқылы әкетілетін жағдайда рұқсаттың түпнұсқасы жатқан кеден органына) тауарлар мен ұқсату өнімдерін әкелуді, әкетуді ресімдеген кеден органдары куәлендірген кедендік жүк декларацияларының көшірмелері ұсынылып, ұқсату режимін пайдалану жөнінде толық есеп беруге міндетті.

5.4. Рұқсаттың түпнұсқасы жатқан кеден органы ұқсату шарттарына, кеден заңдарына және осы Ережеге сәйкес тауарлар мен ұқсату өнімдерінің әкетілуіне және әкелінуіне толық кедендік бақылау жасайды.

5.5. Тауарлардың әкетілуін және ұқсату өнімдерінің әкелінуін ресімдеген кеден органы рұқсат нөмірі, әкетілген ұқсату өнімдерінің атауы, мөлшері, сонымен қатар олардың әкетілу мерзімі туралы мәліметтер көрсетіліп, бақылаушы кеден органына осы жөнінде хабарлайды.

5.6. Тауарларды ұқсату тәртібін бұзу анықталған жағдайда, яғни кеден заңдарына және осы Ережеге сәйкес белгіленген тауарларды ұқсатудың талаптарын, шектеулерін және рұқсат берудің, осындай тауарларды ұқсату операцияларын жүргізудің және ұқсату өнімдерін ауыстырудың шарттарын сақтамаған жағдайда кеден органдары кеден ережелерінің бұзылғандығы жөнінде іс қозғайды. Осы рұқсат бойынша толық кеден бақылауын жүргізетін кеден органы мен ҚР КК рұқсаттың күші тез арада кідірілетіні туралы хабарланады және одан кейін қайтарып алынады. Ұқсату мерзімдері бойынша кеден ережелерінің бұзылғандығы туралы іс тауарларды ұқсату мерзімі өткеннен кейінгі келесі күні басталады.

6. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатудың ерекшеліктері туралы

6.1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамында бағалы металдар бар шикізат тазартылған бағалы алумен одан әрі тазарту үшін оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына кіргізбей Қазақстан Республикасының уәкілді банкінде металл шоттарда міндетті тіркеуден өткізсін және кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатудың кеден режимін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экономикалық саясат шараларын қолданып тауарлар - экспортының режиміне өзгертіп шығарыла алады.

6.2. Кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсатудың кедендік режим тауарлар экспортының режиміне өзгерген кезде кедендік ресімдеуді ұқсату үшін берілетін рұқсатқа сәйкес кеден органдары жүзеге асырады.

- Режимді өзгерту үшін мыналар негіз болып табылады:
- бастапқы саудалаудан өтуі туралы куәлік мына қосымшалармен;
 - Қазақстан Республикасы уәкілді банктері есеп-шоттарынан үзінділер;
 - Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес экономикалық саясат

шараларын қолдану.

6.3. Тауарлардың кедендік ресімделуі "Тауарларды ұқсату жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеден комитетінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 118-б бұйрығына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша 6 баппен толықтырылды - ҚР Кеден комитетінің
1998.06.16. N 83

V980540_

бұйрығымен.

3 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕН АУМАҒЫНДА КЕДЕН БАҚЫЛАУЫМЕН ҰҚСАТУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ШЕТЕЛДІК ТАУАРЛАРҒА КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ЖАСАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Осы Ереженің мақсатында:

а) "Қазақстан Республикасы кеден аумағына ұқсатуға шетелдік тауарларды әкелу" термині еркін айналысқа келесі жолы шығарылғанға дейін немесе ұқсату өнімдерін өзге де кеден режимімен орналастырғанға дейін олардың кеден бақылауымен ұқсатылуы үшін кеден баждары мен салықтары

төлеттірілмей, экономикалық саясат шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасы кеден аумағында шетелдік тауарлардың қолданылатын кеден

режимін білдіреді;

б) "ұқсату өнімдері" термині Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген шетелдік тауарларды ұқсату нәтижесінде алынған тауарларды білдіреді;

в) "тауарларды ұқсату" термині:

- құрастыру, жиыстыру және басқа тауарларға қиюластыруды қосқанда тауар әзірлеу;

- тауарларды ұқсату мен өңдеу;

- қалпына келтіруді қосқанда тауарларды жөндеу;

- өндірісте пайдаланылатын немесе осындай тауарлардың өзі ұқсату барысында толық немесе ішінара тұтынылатын болса да, ұқсату өнімдерін өндіруді жеңілдететін кейбір тауарларды қолдану бойынша операцияларды білдіреді.

Қалған терминдер Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" N 2368 Жарлығының 18 бабына сәйкес қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағында тауарларды кеден бақылауымен ұқсату осы Тәртіпте көзделген ерекшеліктер ескеріліп, "Қазақстан Республикасы кеден аумағында ұқсатуға шетелдік тауарларды әкелуге кеден бақылауын жасаудың тәртібіне" сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Тауарларды кеден бақылауымен ұқсатуға рұқсат:

а) ұқсатуға әкелінетін тауарлар акцизделетін тауарлар болып табылмайтын;

б) Қазақстан Республикасында ұқсату операцияларын тікелей жүргізетін кәсіпорын тауарларды ұқсатуға әкелетін;

в) тауарларды ұқсатуға әкелетін кәсіпорын заңдық тұлға мәртебесіне ие болатын;

г) ұқсату операциялары кәсіпорынның кәдімгі технологиялық процестеріне сәйкес жүргізілетін;

д) кәсіпорынның тауарларды әкелу, әкетудің тиісінше күндерін, мөлшері мен құнын көрсетіп, тауарларды ұқсатуға әкелу мен ұқсату өнімдерін әкетудің уақыт кестесін кеден органына ұсынатын;

е) кәсіпорын кеден бақылауымен ұқсатудың кеден режимімен орналастырылған тауарлардың есебін жүргізетін және ұқсатуға рұқсатты

бақылау жасайтын кеден органы белгілейтін нысанда және мерзімде осы тауарлар туралы осындай кеден органына жүйелі түрде, бірақ айына кемінде бір рет беріп тұрады. Есебін алу құжаттарында және есеп беру кезінде кеден бақылауымен ұқсатудың кеден режимімен орналастырылған тауарлардың атауы, мөлшері, есеп берілетін күнге тауарларды ұқсатудың кезеңдері, өнімдердің атауы мен мөлшері туралы мәліметтер және кеден органына бақылау жасауға қажетті басқа да мәліметтер болуы тиіс;

ж) кеден органы лауазымды адамдарының кеден бақылауымен ұқсатудың кеден режимімен орналастырылған тауарларды және ұқсату өнімдерін ұқсату мен сақтау процесіне нақты (көру арқылы және құжаттармен) бақылауды жүзеге асырудың шынайы мүмкіндігі бар болатын;

з) кәсіпорынның ұқсатудың кеден режимімен орналастырылған тауарларға және ұқсату өнімдеріне кеден бақылауынан басқа алыну мүмкіндігін болдырмауды шынайы қамтамасыз ететін;

и) ұқсатуға әкелінетін тауарларға кедендік салық салу деңгейі олардың құнының 100 процентінен аспаса;

к) ұқсату мерзімі алты айдан аспайтын жағдайда берілуі мүмкін.

1.3. Кеден бақылауымен тауарларды ұқсату экономикалық саясат шараларын қолданудан бас тарту мен тауарлардың шыққан елін анықтау ережелерін бұрмалау үшін пайдаланыла алынбайды.

1.4. Ұқсатуға рұқсатты бақылау жасайтын кеден органы ұқсату өнімдерінің Қазақстан Республикасы кеден аумағынан нақты әкетілгенге дейін ұқсату өнімдерін еркін айналысқа шығарғанға дейін бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Мұндай әкету тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2. Кеден төлемдерін төлеу тәртібі

2.1. Тауарларды кеден бақылауымен ұқсатудың кеден режимімен орналастыратын кезде кеден баждары мен салықтары алынбайды.

2.2. Ұқсату өнімдерін әкету кезінде экспорттың кеден режиміне сәйкес кеден баждары алынбайды, мұндай тауарларға осы Ереженің 1.3. тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда экономикалық саясат шаралары қолданылмайды.

2.3. Ұқсату өнімдерін еркін айналысқа шығарудың кеден режимімен

орналастырған кезде әкелу кеден баждары мен салықтары ұқсатуға әкелінген тауарларға және еркін айналысқа шығарылатын ұқсату өнімдерін өндіруде пайдаланылатын тауарларға қатысты қолданылады.

Аталған сомаларды есептеу кезінде "еркін айналысқа шығарудың" режимімен ресімделінген кеден декларациясы қабылданған күнге қолданылатын ставкалар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің бағамы қолданылады, ал еркін айналысқа декларацияланатын тауарлардың құны мен мөлшерін анықтау күні болып мұндай тауарлардың мәлімделінген кеден режимімен орналастыратын күн саналады.

2.4. Кеден бақылауымен ұқсатудың кеден режимімен орналастырылатын, бірақ өздеріне қатысты қандайда бір себептер мен ұқсату операциялары жүргізілмеген тауарлар әкелу кеден баждары мен салықтарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің беретін несиелері бойынша ставкалармен кеден төлемдерін төлеуді кейінге қалдыруды іс жүзінде пайдаланғаны үшін олардан проценттерді төлеттіре отырып, еркін айналысқа шығарудың кеден режимімен орналастырылуы мүмкін.

Аталған сомаларды есептеу мақсатында мәлімделінген еркін айналысқа шығарудың кеден режимімен кедендік жүк декларациясы қабылданған күнге қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің ставкалары мен бағамы қолданылады, ал еркін айналысқа декларацияланатын тауарлардың құны мен мөлшерін анықтау күні болып мынадай тауарлардың мәлімделінген кеден режимімен орналастыратын күн саналады.

3. Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е

Тауарларды ұқсатудың тәртібін бұзған жағдайда кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы Кеден заңдарына сәйкес жауапқа тартылады. Кеден баждары мен салықтарының төленбеген сомалары тәртіп бұзылған күнге қолданылатын ставкалар мен бағам бойынша өндіріп алуға жатады. Сонымен бірге бұл ретте осы сомалардан төлеу күнін қосқанда тәртіп бұзылған күннен бастап есептелетін өсімақы өндіріп алынады.